ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 маусым №3313-23-00-2/734 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында торағалық етуші судья М.Б.Киргабаков, сот отырысының хатшысы Ә.Қ.Құсайынованың қатысуымен ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»,

ЖАУАПКЕР: Жеке кәсіпкер «Исмаилов» басшысы Анар Джаббароглы Исмаилов,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 11 сәуірде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен Жеке кәсіпкер «Исмаилов» басшысы Анар Джаббароглы Исмаилов (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 990140003041/230288/00 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни 200 метр Террасалық тақтайды шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде яғни 2023 жылғы 26 сәуірге дейін жеткізуге міндеттенген. Алайда, Өнімберуші Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, ол іс-шара шарт бір жақты тәртіпмен бұзылған, бұл мән-жай іс құжаттарымен дәлелденеді.

Шарттың жалпы сомасы 1 599 980 теңгені құрайды.

АПК-нің 109 бабының 1 бөлігіне және 117 бабы 1 тармағына сәйкес талап қоюшының және мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарды сот өндіреді.

Аталған заң нормасының шеңберінде жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1725 теңге, және талап қоюшының пайдасына 1104 теңге өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Исмаилов» басшысы Анар Джаббароглы Исмаиловты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Исмаилов» басшысы Анар Джаббароглы Исмаиловты ЖСН 940813302270 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Исмаилов» басшысы Анар Джаббароглы Исмаиловтан ЖСН 940813302270 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 36799 теңге және мемлекеттік баж шығындары 1104 теңге, барлығы 37 903 (отыз жеті мың тоғыз жүз үш) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Исмаилов» басшысы Анар Джаббароглы Исмаиловтан ЖСН 940813302270 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтініштхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков

Көшірмесі дұрыс

Судья М.Б.Киргабаков

Анықтама

Шешім күшіне енді «11» тамыз 2023 жылы енді

Судья М.Б.Киргабаков

Судья М.Б.Киргабаков

Қазақстан Республикасы Жетісу облысы Іле ауданы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 15.08.2023